ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 25 шілде №5165-23-00-2/1163 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Б.Рүстемнің,
сот отырысының хатшысы С.Кендирбаевтың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Түлкібас ауданы әкімдігінің Кемербастау ауылдық округ әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

ЖАУАПКЕР:
«ЮГТЕХМОНТАЖ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану.

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшының өкілі Н.Тлеубаев

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылдың 02 ақпанында тараптар арасында №5 санды көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарты (әрі қарай - Шарт) 499 666 теңгеге түзілген.

Шарттың талаптары бойынша талап қоюшының өтінімі бойынша генераторлық қрондырғыларға ұқсас электр генерациялау жабдықтарына техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтер көрсетуге міндеттеме алған.

Талап қоюшы сотқа Шарт бойынша міндетемелерін орындамағанын негіздеп, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрап сотқа талап қоюымен жүгінген.

Жауапкерден талап қоюға жазбаша қарсы пікір түскен жоқ.

Сотта талап қоюшы өкілі Н.Тлеубаев шарт бойынша жауапкер өз міндеттемесін толық орындамауына байланысты қазіргі уақытта келісім шарт бір жақты бұзылғанын көрсетіп, талап қоюды толық қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысының орны мен уақыты тиісті түрде хабарланғанымен жауапкер сотқа келмеді. Істі өзінің қатысуынсыз немесе (бейне байланыс арқылы) қашықтықтан қатыса отырып қарауды сұрамады.

Құжатқа қол қойылған: Рүстем Б. М., 31.07.2023
Заңды күшіне енген күні: 02.09.2023, судья Рүстем Б. М., 05.09.2023

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабы 4-бөлігінің талаптарына сай, сот істі келмеген жауапкердің қатысуынсыз қарады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы азаматтық Кодексінің (әрі қарай-АК) 272, 273-баптарына сәйкес міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс. Міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын өзгертуге жол берілмейді.

АК-нің 349-бабы 1-тармағына сай міндеттемені бұзу деп, оның орындалмауы немесе тиісінше орындалмауы (мерзімінде) түсіндіріледі.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу» туралы 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V санды Заңының (ары қарай - Заң) 12-бабының 4-тармағы 3-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алулар туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3)-тармақшасында көрсетілген жағдайда, жиынтығында мынандай: 1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі; 2) шарттық міндеттемелерді толық орындау; 3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттары қанағаттандырылатын жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өзіне белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қойып сотқа жүгінуге міндетті.

Шарттың №1-қосымшасына сай жауапкер көрсетілетін қызметті өтінім бойынша аяқтауға міндеттенген.

Сотта нақты анықталғаны талап қоюшы веб-портал арқылы 2023 жылы 24 сәуірде соңғы өтімі берген, жауапкер жұмыстардың жартысын яғни, 255 450 тенгеге қабылдау акті негізінде 2023 жылы 27 сәуірде атқарқан, қалған қызметтерді осы күнге дейін орындамаған, бүгінгі күнге талап қоюшымен келісім шартты бір жақты бұзылған, талап қоюшы талапты сотқа Заңда көрсетілген мерзім ішінде берілген.

Шарттың 5.2. тармағына сәйкес Өнім беруші Тапсырыс берушіге осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте қызметті толық тапсыруы шартында Қызмет көрсетілді деп есептеледі.

Осы аталған талап бүгінгі күнге жауапкермен сақталмаған.

Соның салдарынан талап қоюшы мен өткізілген мемлекеттік сатып алу орындалмай, мемлекеттің мүддесіне зиян келтірілген.

Құжатқа қол қойылған: Рустем Б. М., 31.07.2023
Заңды күшіне енген күні: 02.09.2023, судья Рустем Б. М., 05.09.2023
5165-23-3-1/1250

Сот талапкердің осы талабы қанағаттандырылып, жауапкер мемлекеттік сатыпалуға жосықсыз қатысушысы деп танылуға жатады деп санайды.

АПК-нің 72-бабына сай әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс.

Өз кезегінде, тараптар сотта талқыланған дәлелдемелерден тыс, сотқа басқа дәлелдемелер табыс етпеді.

АПК-нің 109-бабының негізінде жауапкерден мемлекеттің пайдасына іс бойынша мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226- баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Түлкібас ауданы әкімдігінің Кемербастау ауылдық округ әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

«ЮГТЕХМОНТАЖ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«ЮГТЕХМОНТАЖ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттің пайдасына 1 725 теңге (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге баж салығы өндірілсін.

Шешімге наразы жақ АПК-нің 403, 404 баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья **Б.Рүстем**

Құжатқа қол қойылған: Рүстем Б. М., 31.07.2023

Заңды күшіне енген күні: 02.09.2023, судья Рүстем Б. М., 05.09.2023

5165-23-3-1/1250